

Ж.Ж. Жарылғапов*, С.У. Такиров

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru, sarzhan68@mail.ru)*

Қазақ әдебиеттануында Ағыбай батыр образының зерттелуі

Қазақ әдебиетінде жекелеген батырлардың бейнесінің сомдалуы бүгінгі таңда ғалымдардың аса назар аударып отырған тақырыптарының бірі. Әсіресе, Кенесары хан тұсында отаршылдыққа қарсы күресте жан аямай күрескен батырлардың бірі Ағыбай Қоңырбайұлы туралы шығармалар әдебиеттің бірнеше саласында орын алған. Ауыз әдебиеті мен прозалық туындыларда, тарихи жырлар мен дастан, өлеңдерде батыр туралы бірқатар шығармалар дүниеге келді. Мақалада Ағыбай батыр образының әдебиеттануда қалай зерттелгені және қазіргі кездегі зерттелуіне назар аударылған. Архивтерде сақталған батыр жайлы материалдар мен ауызша деректерді талдай отырып, оның тарихи бейнесі мен көркем бейнесіне салыстырулар жасалған. Ағыбай тұлғасының әдеби образ ретіндегі ерекшелігі туралы ғылыми тұжырымдар қарастырылған. Прозалық туындылардағы, фольклордағы Ағыбай бейнесі мен тарихи жырлардағы Ағыбай бейнесі қатар зерттеліп, «Қаһар» романындағы батыр образы арқылы берілген идеялық-эстетикалық концепциялар анықталған.

Кілт сөздер: Ағыбай батыр, батыр образы, әдебиеттану, қазақ әдебиеттануы, әдеби бейне, тарихи жыр, автор, тарихи дерек, тарихи және көркемдік шындық, ғылыми жинақ.

Kіріспе

Қазақта елін, жерін сыртқы жаудан қорғайтын батырлар ел басына күн туған замандарда дүниеге келіп отырды. Батыр деген тек білектің күшіне ие тұлға емес. Батырдың бойында сыртқы ерекшеліктерінен бөлек, кеудесінде соққан жудырықтай жүректе таудай рух пен елі мен жеріне деген шексіз сүйіспеншілік болу керек. Одан бөлек халқына деген қамқорлық, жомарттық, аңғалдық, көрегендік, даналық, мәрттік секілді қасиеттер бар. Қазақ әдебиетіндегі батырлар образын, олардың мінез-сипатын қарағанда осындай жиынтық қасиеттердің батырға тән екенін байқаймыз. Сондай батырлардың бірі — Ағыбай Қоңырбайұлы. «Ақжолтай Ағыбай батыр Арғын — Қаракесек ішіндегі Шұбыртпалы руының Күйелі тармағынан болады. Үлкен атасы Олжабай батыр, өз әкесі Қоңырбай да қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен халық батырлары. Ағыбай батырдың шешесі Қойсана Арғын–Тарақты руынан шыққан, бірнеше қазақтан шыққан хас батырларының нағашысы, Абылай ханның ту ұстаушысы Байғозы батырдың ұрпағы екен», – деген деректер қазір әбден орныққан деректер [1, 84]. Тегіне тартқан Ағыбай да батыр болып, «13 жасынан қолына қару алып, 1824 жылы Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. Ағыбай батыр бастаған қол 1826-49 жылдар аралығында Ресей әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Ресей империясының Қазақстандағы тірек-орталықтары — Қарқаралы, Ақтау, Ақмола бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін Ырғыз, Тобыл өзендері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жеңген. Қырғыз манабы Орманға қарсы соғыстарда ерекше ерлік көрсеткен. 1847 жылы Кенесары ханның Кекілік тауындағы қырғыздармен айқасында Наурызбай батырмен бірге дұшпан шебін бұзып өткен. Кенесары өлгеннен кейін де Ресей өктемдігіне қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төре қолы құрамында соғыс жүргізген. Кейінірек, 1849 жылға дейін Ресей өкіметінің қамалдарына өз бетінше шабуылдар жасағандығы» кеңінен мәлім [2, 237]. Кенесары Қасымұлының көтерілісіне белсене қатысып, алдыңғы қатардан көрінген жаужүрек батырдың әдеби бейнесін сомдауға негізгі деректер осындай тарихи еңбектерден жинақталады да автор тарапынан толықтырылады. Ал фольклордағы батыр жайлы туындылар халықтың батырға деген құрметі мен махаббатынан туып, ел жадындағы ақпараттардан алынып, жырланады. Осы тарихи тұлғаның әдеби образға айналуын, қазақ әдебиетіндегі орнын салмақтау ұлттық сананы қалыптастыру үшін де қажет. Өйткені Ағыбай батыр есімінің ел есінде мәңгіге қалуы оның әдебиетте орын алуымен тікелей байланысты.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru

Зерттеудің деректері мен әдістері

Қазақтың баһадүрі Ағыбай батыр бейнесін зерттеп-зерделеу қазақ әдебиеттануында XIX ғасырдан бастап қолға алынды. Осы кезден бастап Ақжолтай Ағыбай батыр туралы өлең, жыр, дастан, аңыздар жүйеленді. Ел қазынасы — қазақ эпосының төрінен орын алар тарихи жырлар, әсіресе, батырлар жырының жанрлық сипаты зерттеліп, көтерілетін мәселелері анықталады. Атап айтар болсақ, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы шығармалар — Жүсіпбекқожа Шайхысламұлының «Қисса Наурызбай төре Абылайханов» туындысы, Доскей Әлімбаевтың «Кенесары» жыры, Нысанбай ақынның «Кенесары–Наурызбай» жыры, Иса Байзақовтың «Қойшының ертегісі» поэмасы, кеңес дәуірінде жазылған Ж. Алтайбаевтың «Ағыбай батыр», І. Есенберлиннің «Қаһар» романы талданды. Бұл шығармалардың барлығында дерлік Ағыбай батыр образы сантүрлі көркемдік ізденістердің арқылы айшықталған. Батыр тұлғасы сомдалған жыр-аңыздардар, поэзиялық және прозалық туындылар тарихи-салыстырмалы, хронологиялық, объективті-аналитикалық әдістер арқылы, нәтижесінде жүзеге асырылды.

Бұл күнде әдебиеттану ғылымында Ағыбай батырдың бейнесінің қаншалықты дәрежеде зерттеліп жатқанын қарастыру үшін ең алдымен оның тарихи тұлға ретінде танытқан мәліметтерге назар аударуымыз қажет. Яғни тарихи шындықтың ақын-жыраулар, жазушылар тарапынан эстетикалық биіктен игеруі нәтижесінде туатын көркемдік шындықтың мәнін айқындау әдебиетші алдында тұратын басты мақсат. Тарихи образды бейнелеудегі эстетикалық шарттардың салмағына, суреткердің көркемдік-идеялық ұстанымдарына әдеби-теориялық баға беруі үшін пәнаралық байланыстың қажеттілігі айқын.

Нәтижелер мен талқылау

Ағыбай батыр образы бейнеленетін әдеби мұраларды Аманжол Әлтай мынадай топтарға бөліп қарастырады: біріншіден, Ағыбай жайында халық арасында сақталып келген аңыз-әңгімелер, бұған «Ағыбай мен Наурызбай», «Бақ құсы», «Көтібардың асы» аңыз-әңгімелер тізбегін жатқызады. Бұл тұста аңыз-әңгімелердің сақталуына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Доскей Әлімбаевтардың ықпалы зор. Екінші — жыр-дастандар, өлеңдер. Мысалы, «Наурызбай–Қаншайым», «Ақжолтай Ағыбай батыр», «Кенесары–Наурызбай», Иса Байзақов «Қойшының ертегісі», Ж. Қашқынов «Ақжолтай Ағыбай», С. Мәуленов «Ағыбай күмбезі». Үшіншісі — драмалық және прозалық туындылар. Ж. Алтайбаев «Ер Ағыбай» повесі, Ж. Қашқынов «Ақжолтай Ағыбай батыр» очеркі, М. Әуезов «Хан Кене» пьесасы [3, 45]. Зерттеудің негізгі бағыт-бағдары ретінде ғалымның осы жіктеуін алып, аталмыш үш бағыт бойынша қарастырамыз. Бірінші топты фольклордағы Ағыбай батыр бейнесі деп алсақ, мұнда тарихи аңыздардағы батыр бейнесінен бастауды жөн санаймыз. А. Әлтай еңбегінен алынған мағлұматтар бойынша батыр жайлы тарихи аңыздарды жинаушы тұлғалар Доскей Әлімбаевты мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болғанын және қазіргі таңда бұл еңбектердің Ғылым академиясындағы Орталық кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы тұрғанын білеміз. Ағыбай батыр туралы қаншама тарихи аңыздар қорда жатқанмен, бұл күнде олардың тілі, көркемдік ерекшелігі, текстологиясы, тарихилығы, батыр тұлғасын ашуы қаншалықты деңгейде зерттеліп жатқаны беймәлім. Осы тақырып төңірегінде бірнеше ғылыми еңбек жазған А. Әлтайдың зерттеуі бойынша, Ағыбай батыр туралы тарихи аңыздарды мазмұны жағынан екі топқа бөлуге болады. Бұл туралы зерттеуші: «Алғашқысы алашқа аты танылмаған жас Ағыбайдың Кенесарымен ат үстінде күш сынасуын баяндайтын аңыз-әңгімеден бастап, Кенесары хан қырғыздардың қолына тұтқынға түскенге дейінгі аралықты қамтитын аңыз-әңгімелер. Ағыбай жөніндегі тарихи аңыз-әңгімелердің негізгі көпшілігі осы бірінші топты құрайды. Ағыбайдың жас кезінен бастап Кенесары әскерінің бас батыры болған кезеңдері, яғни ұлт азаттығы үшін болған, отарлау саясатына қарсы бағытталған талай ірі шайқастары көрініс табады. Екінші топқа Ағыбайдың Кенесары қаза тапқаннан кейінгі өмірінің соңғы жылдарын баяндайтын аңыз-әңгімелерді жатқызуымызға болады. Ағыбайдың дүниеге келуін, балалық шағын баяндайтын тарихи аңыз-әңгімелер көп сақталмаған», – деп бөліп, бірінші топтағы аңыздардың мол екенін жазады [4, 24]. Бірінші топтағы аңыздар батыр тұлғасын ашуда қаншалықты маңызды рөл атқарса, екінші топтағы аңыздардың сақталуы да соншалықты маңызды. Кенесарының өлімінен кейінгі батыр тағдыры, оның немен айналысқаны туралы аз да болса аңыздардың болуы, яғни батырдың соғыс кезіндегі емес, одан кейінгі өмірі туралы деректердің кездесуі жалпы ауыз әдебиетінде өте сирек жағдай. Бұл Ағыбай образын ашып, тануда көп көмектеседі. Ағыбай туралы

тарихи аңыздарға жататын туындылар басқа шығармалармен салыстырғанда біршама ерекшеленеді. Жоғарыда батыр жайлы мәлімет бергенде оның анасы Қойсананың да текті жерден шыққандығын атап өттік. Жалпы, ұлы тұлғалардың көбісінде бойындағы ерекше қасиет анасының берген тәрбиесі, ана сүті, анасының түс көруі, т.б. жайттармен байланыстырылып, аңыздарда айтылып жүреді. Осы секілді Ағыбай батырдың анасы жөнінде таралған аңызды Ж. Шөженев те өз еңбегінде берген еді. Зерттеуші: «Ағыбайға екі қабат күнінде көшіп келе жатқанда алты қарақшы көшіне тиіп жалғыз Қойсана ұрыс қылып, қолындағы бақанмен алтауын ұрып түсіре береді. Жау бір-бірін сүйеп, әйелдің екі қабат екенін көрген соң: «қояйық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі баласы — арыстанның күші ғой», - деп жүріп кетіпті» деген аңызды береді [1, 84]. Ғалым А. Әлтай да өзі бөлген бірінші топ аңыздарына осы секілді аңыздарды жатқызады да, «Бұндай мотивтер — бұрынғы көне ертегілерден бастау алатын аңыздарда қалыптасқан дәстүр», – дейді [4, 25]. Сонымен қатар, осы бірінші топтағы аңыздарда батырдың ақылдылық, шешендік, көрегендік секілді қасиеттерінің ашылғандығын ескереді. Әсіресе, батырдың бойындағы шешендік қасиетіне: «Ағыбай батырдың бір қасиеті — шешендігі еді. Әдетте ертеден келе жатқан шешендік сөздердің көпшілігі ердің құнын, не нардың пұлын даулаудан немесе үлгілі би, ердің арысы, елдің намысы сөз болатын айтыс-даулардан туған. Мәселен, атағы алты алашқа әйгілі болған Ағыбай батырдың тапқырлық сөздері әр түрлі әлеуметтік ситуацияларға байланысты болған», - деген пікір мен оны айғақтайтын ел арасында қалған батырдың шешендік сөздерінен көзіміз жетеді [5, 103]. Әдебиеттануда бұл да бір жеке зерттеуге тұрарлық тақырып. Әрі Ағыбайдың шешендік қырының көрініс табуы ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дәстүрлі арна. Шешендік өнерді зерттеген С. Негимов, Ж. Дәдебаев, тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде бұл жөнінде тереңірек айтылған. Осы тұрғыда М. Әуезовтің мына пікірі сөзімізге дәлел бола алады: «Шешен, тапқыр адамның образы — қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бәрінде бар. Аңыз-әңгімелерде бұл образ шырқау күйіне жеткен» [2, 91]. Әрі батырдан қалған шешендік сөздер арқылы оның бойындағы басқа да қасиеттерін саралауға болады. Мысалы, Бөлтірік батырмен болған жекпе-жекте оны жеңсе де өлтірмей еліне жіберіп, кейін сол үшін өзіне наразы болған Кенесарыға:

«Ер жігіт екі сөйлесе өлгені,
Қара жерге тірідей өзін-өзі көмгені.
Ұзын жатқан Алатаудың төсінде,
Алыс-берісіміз жоқ еді Үйсінде.
Арғын-Үйсін, бір қазақтың баласымыз,
Қазақтың арын төгіп не қыламыз
Бөлтірікті өлтірсем, Үйсіннің белі сынар,
Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер» [5, 105], – деген жауабының өзінен батырдың сөзінде

тұратын, уәдеге беріктігін, екі сөйлемейтіндігін, даналығын, ханның өзінен тайсалмайтын өжеттігін байқаймыз. Осы сияқты батырдың мінезі туралы біз кеңірек біле алатын әдеби туындыларға ғалым А. Әлтай «Көтібар батырдың асы», «Ағыбай батырдың айтқаны», «Жер дауы», «Ағыбайдың билігі» секілді т.б. аңыздарды жатқызады. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша, батырдың ерлігін көрсететін соғысқа байланысты аңыздардан тарихи деректер де аламыз. «Тарихшы ғалым Е. Бекмахановтың еңбегіндегі тарихи деректермен салыстыра қарасақ, Ағыбай жөніндегі әңгімелердің тарихи сипатының басым екендігін аңғарамыз», – деген ғалым аңыз-әңгімелердегі тарихилықты зерттеу үшін М. Әуезов, С. Қирабаев, А. Сейдімбеков, С.Н. Азбелев, т.б. секілді ғалымдардың еңбегіне жүгіну керек деп санайды [4, 26].

Сонымен қатар, батырлар жырындағы халықтың арман-қиялынан туындаған дәстүрлі сюжет Ағыбай батыр туралы жырларда да кездеседі. Бұл туралы Серік Қирабаев «Ақжолтай Ағыбай батыр — ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы» атты ғылыми мақаласында былай дейді: «Ағыбай бейнесін, оның батырлығын дәлелдеу үшін ертегі-аңыздарда оны аюмен, жолбарыспен, көкжал қасқырмен кездестіру сияқты қоспалар да халықтың сүйікті батырына деген ықылас, ілтипатын танытады» [6, 104]. Ағыбай батыр туралы тарихи жырда реалды шындықтар да кездеседі. Мәселен, көне эпостардағыдай алты-жеті жасынан бастап, жауға жалғыз шаппайды. Ағыбайдың ерлік даңқы 17-18 жасынан бастап ел арасына тарай бастайды. Ағыбай туралы жырда «найза ұстап он жетімде атқа міндім» деген жолдар кездеседі. Төменде тарихи жырларды сөз еткенде бұл мәселеге тағы да тоқталып өтеміз. Ал ғалым өзі бөлген екінші топтың аңыздарына «Ағыбайдың арманы», «Әлиханнның үш сұрағы», «Ағыбай батырдың әңгімесі», «Ағыбайдың солдатты сабауы», «Дәулет құсының қоштасуы» деген аңыздарды жатқызып, жалпы аталған шығармаларда тұтастық құбылысының бар екенін ескертеді. Сондықтан батыр бейнесінің фольклорда сомдалуын қарастырғанда туындыларды

жекелей емес, бәрін бірге зерттегенде ғана батырдың өмір тарихымен бірге тұтас бейнесін шығара аламыз. Аманжол Әлтай осы еңбегінде «Ағыбай батыр ауыз әдебиетінде» деген жеке тарау арнап, батыр бойындағы ерекше қасиеттерді, батырдың ұлылығы мен даңқын ол туралы жазылған шығармалар арқылы талдайды. Және де өз сөзіне дәлел ретінде: «Ағыбайдың ел тарихындағы ардақты батыр болғандығын С. Қирабаев, Е. Бекмаханов, т.б. ағаларымыздың еңбектерінде ашып айтып кеткен», - деп осы ғалымдарға сілтейді [4,32].

Ағыбай Қоңырбайұлының жеке образында әдеби мұраларды тұтастай зерттеп қарағанда батырлық қырлары жан-жақты ашылып отырады. Бірінде ашылмай жатқан жақтары екінші арқылы көрініс тауып жатады. Ағыбай батырдың әдебиеттегі образын даралай келіп, біз оның мынадай қырларын ашып алуымыз керек: 1. Қолбасшылық қабілеті; 2. Батырлық күш-қуаты, ақылдылық парасаты мен шешендігі секілді қасиеттері. Ағыбайдың батырлық образын аша білген туындылардың бірі — И. Байзақовтың «Қойшының ертегісі» поэмасында оның айбынды тұлғасын, атақ-даңқын былай бейнелейді:

«Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.

Баяғы Кенесары заманында
Ерлігін көрсетіпті елге талай» [3, 44-48]

Ақын Ағыбайдың Кенесары жасағындағы теңдесі жоқ атақты батыр болғандығын жыр етеді «Сарыарқадай жер қайда, Ағыбайдай ер қайда?!» – деп Кенесары Қасымұлы айтқандай, Ағыбай батырдың батырлық, қолбасшылық, шешендік атағы Алатаудай болса керек. Иә, сөзімізге дәлел табу үшін біз де «Бабалар сөзі» кітабындағы Ағыбай батыр жайлы ел аузынан жазып алынған жырлардан батырдың қасиеттерін танытатын жолдарды іздестірдік. Мысалы «Ағыбай батыр» жырының халық берген нұсқасында:

«Ақжолтай жолы құтты батыр еді,
Жолдас бол, тез бар балам, оныменен», –

деп сәтті, жеңісті жорықтарымен халық сүйіспеншілігіне бөленген батыр екенін білдіретін жолдар берілсе [7, 21],

«Ақжолтай Ағыбайым – сенің атың,
Жайылған жер жүзіне салтанатың» [7, 22], -

деген тармақтардан Ағыбай батыр есімінің күллі қазаққа танымал болғанын білеміз. Кітапта берілген тура сондай ел аузынан алынған екінші бір жырда:

«Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Тең көріп қарсыласар ер болмаған.

Үш жүзге Ағыбайдың даңқы кетіп,

Ол кезіп, ол бармаған жер қалмаған», - деп батырдың атақ-даңқынан хабар берілсе [7, 65],

«Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,

Басынан дұшпан ісін асырмаған.

Жалғыз жан Ағыбайды бөгеген жоқ,

Қандай жау есіл ерге тор құрмаған», - деп батыр мінезін танытады [7, 65]. Ауыз әдебиетіндегі батыр бейнесі туралы талдаудың қорытындысы: «...Ағыбайдың тарихтағы бейнесі мен әдебиеттегі тұлғасы онша алшақтықты байқатпайды. Әдебиеттегі Ағыбай отқа жанбайтын, суға батпайтын қиялдық образ емес, керісінше батырлық күш-қуаты біреуден асып, біреуден кем түсіп жататын, аруақтана да, сескене де білетін шынайы тұлға», - деген ғалым пікірімен үндеседі [4, 32].

Зерттеуші Аманжол Әлтай көрсеткен Ағыбай батыр образы бейнеленетін әдеби туындылардың екінші тобы жыр-дастандар мен өлеңдер болса, оларды жеткізгендер — халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы тұлғалар. Мысалы, жаңағы айтып отырған еңбекте Сансызбай Қармысовтың, Тәужи Айнатасовтың, Қажыбек Қаңтарбаевтың бізге жеткізген жырлары берілген. Ал, жалпы алғанда, Ағыбай батыр жөнінде жазылған тарихи жырдың үш нұсқасы сақталған: «Ер Ағыбай», «Ақжолтай Ағыбай батыр», «Ағыбай батыр». Бұл нұсқалардағы тарихи жырдың оқиға желісі бірдей. Тек кейбір детальдарында кездесетін ерекшеліктер әрбір нұсқаны жеке-жеке назар аудара зерттеуді қажет етеді. Батыр тұлғасы бейнеленген тарихи жырдың «Ер Ағыбай» деген атпен 1935 жылы жазылып алынған бір нұсқасы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Атаулы тарихи жырдың бұл нұсқасы академик Мұхтар Әуезовтің басшылығымен 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихы» атты оқулықта қарастырылған [8, 60].

Тарихи жырдың екінші нұсқасы – «Ақжолтай Ағыбай батыр» Ғылым академиясының орталық кітапханасының қолжазбалар қорында сақталған. Қолжазбалар қорына Тәуши Айнатасов тапсырған. Жырдың бұл нұсқасы толық емес. Жырдың бізге жеткен үзіндісінен өзге нұсқаларынан кейбір өзгешелік тұстарын байқауға болады. Салыстырмалы тұрғыда зерттеп-зерделеп қарасақ, нұсқаларда айтарлықтай өзгешелік жоқ, тек сөз қолданыстары мен кейбір детальдарында ғана ерекшеліктер кездеседі. Жырдың басты мақсаты — Ағыбайдың батырлық тұлғасын көрсету.

Ағыбай батыр туралы мұралардың қазақ әдебиеттануындағы зерттелуіне Е. Бекмахановтың, Е. Ысмайловтың, І. Есенберлиннің еңбектерінің мәні зор. Саяси идеологияның әсерінен ұзақ жылдар бойы Кенесары, Наурызбай батырға қатысты мұралармен қатар, Ағыбай жөніндегі туындылар да зерттелмей, ескерусіз жабулы күйде қалды. Мемлекетіміздің тәуелсіздігінің арқасында әдебиетке деген оң көзқарас Ағыбай жөніндегі мұралардың халықпен қауышып, зерттеушілер тарапынан әділ бағасын алуға жол ашты. Зерттеуші ғалымдар С. Қирабаевтың, З. Ахметовтың, М. Әбсеметтің ғылыми мақалалары әдебиеттегі Ағыбай тұлғасына қайта үңілудегі құтты қадамдар болып табылады. Дегенмен де Ағыбай Қоңырбайұлының әдебиеттегі тұлғасы толық зерттеліп, ғылыми жүйеге түсіріле қойған жоқ.

Жоғарыда, фольклорда Ағыбай бейнесін беруде тұтастық қолданылғанын айтып кеткен едік. Ал Кенесары-Наурызбай және Ағыбай батырлардың әдебиеттегі тұлғаларының тұтастығын айқын аңғартатын туындылардың бірі — «Наурызбай-Қаншайым» жыры. Жыр сюжетінің тарихи қыры айқын байқалмағанымен, кейіпкерлер образын жасаудағы көркемдік сапасы биік дәрежесіне көтеріле білген. Бұл ойымызды «Тарихи жырлар» көптомдығының III томының алғысөзінде көрнекті ғалым Ш. Ыбыраев та атап өткен [3, 44-48]. Ағыбай батыр жырда Кенесары ханның досы, Наурызбайдың ақылшысы, қамқор ағасы тұрғысында көрінеді. Бұл жөнінде зерттеуші ғалым З. Ахметов ғылыми мақаласында осы ойымызды мынадай тұжырыммен қуаттайды: «Бұл дастанда Ағыбай майданда талай сыннан өтіп, шыныққан Кенесары жасағының сенімді бір қолбасшысы, үлкен қозғалыс-күреске дайындық жасаудағы ақылшы-кеңесшісі, жас Наурызбайды ерлікке баулып жүрген аға батыр бейнесінде көрінеді» [9]. Ағыбай батыр образын Кенесары мен Наурызбай бейнелерінен бөліп-жарып қарастыру мүмкін емес. Бәрі бір-бірімен байланысты болып, жырдың негізгі мотивін батырлық, ерлікті жырлау турасында көрсетеді. Ағыбай образын сомдаған жыр-дастандарда мәнді мазмұн, айрықша ажар, көркем өрнек беріп тамаша әсерге бөлейтін теңеу түрлері мол кездеседі. Зерттеуші ғалым Т. Қоңыров: «Теңеу категориясы — бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі» дегенін ескерсек, Ағыбайға байланысты алуан түрлі теңеулердің қолданысын байқаймыз. «Саусағы жас баланың білегіндей» сияқты денесінің алып, жұдырығының жуан екенін бейнелейтін теңеулер Ағыбайдың батырлық образын одан бетер аша түседі.

А. Әлтай көрсеткен Ағыбай бейнесінің әдебиетте сомдалуының үшінші тобы — драмалық, прозалық туындылар. Бұл топқа жататын шығармалардағы батыр бейнесі зерттеуді талап етеді. Бұл бағыттағы зерттеуді: «Әдебиет тарихының қай кезеңінде болмасын батырлар образы өздері өмір сүрген ортадағы ірі оқиғаларға, басқа да айтулы тұлғаларға байланысты ашылып отырады. Айналасындағы тарихи тұлғалардан бөліп алып, кез келген жеке батырлар бейнесін ашып көрсету мүмкін емес дүние. Сондықтан оларды байланыстыра зерттеуіміз заңдылықты қадам болып саналады» [4, 37], - деген пікірді ескере отырып, осы заңдылықты бұзбай, Кенесары туралы шығармалардан Ағыбай батыр бейнесін Кенесары айналасындағы батырлармен тұтастықта да қарастыру қажет. Себебі осы пікірді берген А. Әлтай бұл заңдылықты Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин секілді айтулы ғалымдардың тұжырымдарымен айқындайды. «Мысалға: Абылай, Қабанбай, Бөгенбай тұлғаларының үндестігі немесе Кенесары, Наурызбай және Ағыбай образдарының тұтастығы жоғарыда айтылған ойымыздың жалтартпас дәлелі» [4, 37], - деген ғалым сөзі өте орынды. Жоғарыда мысал ретінде көрсеткен осы топқа жататын шығармалардың әдебиетте кең танылмай, жан-жақты зерттелмей жатқанын ескергендіктен, қазақ әдебиетіндегі Кенесары жайлы І. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай бейнесіне тоқталамыз. Жоғарыда айтқанымыздай, батырдың әдебиеттегі бейнесі тарихи бейнесінен алыстамайды. Осы жағынан батырдың портретін беруде І. Есенберлин барынша батырға тән алпамсалық пен күштілікті жеткізеді: «Шұбыртпалы Ағыбай Қасым төре балаларының соңынан ерген, кедейден шыққан батыр. Биыл отыз төртте, зор денелі, түкті қабак, қара сұр, шүнірек көз кісі. Қолдары бақандай ұзын, саусақтары анау-мынау адамды мандайынан бір шерткенде үнсіз қатыратындай салалы, жұп-жуан» [10, 49]. Ал батырдың шыққан тегі мен отбасына қатысты мәліметтерді берерде автордың тарихи шындықпен бірге, көркемдік шындықты да ұмытпайтынын байқаймыз: «Қарқаралыдан шыққан Ағыбайдың әкесі

Олжабай батырға бір боталы түйе, жауға мінер бір ат, балаларына сүт болар жалғыз сиырдан бөтен мал бітіп көрген емес. Ал шешесі Есіл бойындағы Тарақты руының қызы еді. Бұ да адуынды, батыр мінезді әйел болатын. Олжабай балалары ер жетпей дүние салды. Шешесі Дәметкен Ағыбай, Манабай, Танабай, Мынбай атты төрт баламен жесір қалды. Ең үлкені Ағыбай ол кезде онға жаңа жеткен. Балаларының аттары кілең «баймен» бітсе де Олжабай дүние салғанда бұлардың бар малы боталы жалғыз қара інген болды. Жоқшылықтан бөтен серігі жоқ қайратты Дәметкен, төрт баланың қамы үшін, ағайынның бермесін күшпен тартып алуға кірісті. Қолына сойыл ұстап өзіндей кедей адамдарымен бірігіп қараңғы түнде бай ауылдардың сояра соғымын барымта етті», - деп жазады [10, 49]. Яғни бұл жерде жазушы І. Есенберлин Ағыбайдың анасы туралы халық ауыз әдебиетінде жүрген аңыздармен таныс болған, солардан келіп өзіндік көркемдік шындығын шығарған деген ойдамыз. Ағыбайдың анасының есімін Қойсанадан Дәметкенге өзгертуі де, амалсыз барымтаға түскен әйел ретінде көрсетуі де назар аудартады. Ал батырдың сыртқы бейнесінен басқа ішкі қасиеттеріне де тоқталған І. Есенберлин Ағыбайды «заты момын» деп береді. Тіпті Ағыбай батыр автор көзқарасымен алғанда өте мейірімді, тірі жан баласына жамандық жасауға қолы бармайтын ақжүрек жан. Жастайынан кедейлік тауқыметі мен жуандардың озбырлығын көрген Ағыбай аш отырған бауырларына анасының өтінішімен ботаны соймақшы болғанда екі күн жүріп бауыздай алмағандығы туралы естелікті романға қосуы да жайдан-жай емес. Сол арқылы автор Ағыбайды паш ал десе бас алатын, жауыз, жендет ретінде көрсеткісі келмейді. «Жоқ, Ағыбай табиғатынан мұндай болып жаратылмаған. Оны жауды аямастыққа да, ерлікке де үйреткен өзіне істеген қиянат», – дейді автор [10, 57]. Ауыз әдебиетіндегі Ағыбай бейнесімен салыстырғанда прозалық туындылардағы Ағыбай бейнесі жазушы тарапынан толықтырылып, өңделіп, басқаша қырынан ашылғандай көрінеді. Бұл жерде автордың қиялы да, тарихи шындықты көркемдік шындыққа айналдыра алу шеберлігі де рөл ойнайды. Сонымен қоса, І. Есенберлиннің романда батырдың даңқын да көрсетіп, Ағыбай есімін соғысқа қатысқан батырлардың ұранына айналдырып алғанын: «Кенесарыны көргенде өзгелері де орындарында тұра алмады. «Абылай!», «Ағыбай!», «Атығай!», «Қабанбай» деп ұрандап бекініске лап қойды», – деп берсе [10, 117], Ағыбайдың батырлығының аңыз болып ел арасына кең таралғаны туралы Есіркеген деген кейіпкердің мына бір ойы арқылы береді: «Оның үстіне Кенесары мен оның батырлары жайында естіген ерлік әңгімелері де бала жігіттің көңілін еліктіретін. Әсіресе Шұбыртпалы Ағыбай батыр жайындағы аңыздар кәдімгідей қанын қыздырып, қиялына от тастайтын» [10, 137]. Ағыбайдың Кенесарыға ақылшы, кеңесші де бола білгенін, ханнан тайсалмайтын мінезін «Қаһар» романындағы: « — Дұрыс, – деді Ағыбай Кенесарымен құрдастығын пайдаланып, еркін сөйлеп, – жазығы жоқ орыс мұжықтарын шабудың қажеті қанша. Бұдан бізге зияннан басқа түсері жоқ, бұқараны босқа өшіктіріп аламыз. – Жөн, – деп екі-үш батыр басын изеді. Кенесары үндеген жоқ», – деген эпизодтан көреміз [10, 103]. Бұл жерде тура айтылмаса да Ағыбайдың Кенесарының құрдасы ғана емес, ханға қарсы пікір айта алатын сенімді серігі екенін білдіреді. Басқа батырлармен тұтастықта алып қарасақ та, Ағыбай батырдың жеке өзін алсақ та бұл шығармада Ағыбай батыр образы батыр жайлы тарихи аңыздармен сабақтаса берілген. Бұл автордың бұған дейін батыр жайлы деректерді қарағанын, тарихи аңыздармен таныс болғанын аңғартады. Қазақ әдебиетіндегі Кенесары туралы прозалық туындылардағы, одан бөлек Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Ағыбай бейнесін бір-бірімен салыстыра, тереңнен зерттеу бүгінгі әдебиеттануға тың ақпараттар мен жаңалықтарды әкелер іс болмақ. Сондықтан аталмыш мақала тақырыбы үлкен зерттеулердің бастамасы ғана деп санаймыз.

Қорытынды

Сонымен, Ағыбай Қоңырбайұлы Кенесары батырларының ішінде халық ардақтысына айналған, әдебиет тарихында үлкен образға ұласқан басты тұлғалардың бірі. Зерттеуші ғалым С. Қирабаевтың тілімен айтқанда «Ағыбай өмірі аңызға, ерлікке толы, халық жадында ұзақ сақталатын батырлардың бірі» [6, 107]. Бертін келе «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде қолдау тауып, Ағыбай жайлы тың дерек келтірілген тарихи кітаптардың шығып жатқаны қуантады. Мысалы, осы мақалада өзіміз бірнеше кітабын қолданған Жұмағұл Шөженовтің «Ақжолтайдың ақ жолы» кітабы. Кітап авторы Ж. Шөженов Ағыбай батыр туралы деректерді Петербург, Мәскеу, Омбы мұрағаттарынан іздеп тапқан. Кітапта Ағыбай батырдың шежіресі, би-шешендігі, батырлығы өнеге ретінде дәріптеледі. Қазақ әдебиеттануындағы Ағыбай батыр образының зерттелуін одан әрі дамыту — болашақтың еншісінде. Ақжолтай Ағыбай батырға арналған тарихи жырлар мен дастандардың табиғаты көркемділік, суреткерлік сырларымен, мағыналы-мәнді мұра ретінде құнды болмақ. Әдебиетте

Кенесары, Наурызбай бейнелері зерттеліп, өз мақсатына жеткен сайын Ағыбай образы да айқындалып, мәні ашыла түспек.

Мақала №15-ВГ-23 «Ұлт тарихындағы Ағыбай батырдың тарихи және әдеби тұлғасы» жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізмі

- 1 Шөженов Ж. Ақжолтай Ағыбай батыр / Ж. Шөженов. — Қарағанды: Қарағанды экономикалық университеті, 2002. — 234 б.
- 2 Қазақ халқының тарихи тұлғалары. — Алматы: «Өнер» баспасы, 2016. — 312 б.
- 3 Әлтай А. Әдебиеттегі Ағыбай образы және оның Кенесары, Наурызбай тұлғаларымен тұтастығы / А.Әлтай // ҚР ҒМ – ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. — 1997. — №3. — Б. 44-48.
- 4 Әлтай А. Ақжолтай Ағыбай батыр — фольклор мен әдебиеттегі қаһармандық тұлға: Оқу құралы / А. Әлтай. — Астана: Фолиант, 2004. — 104 б.
- 5 Шөженов Ж.Н. Ақжолтай Ағыбай батырдың биліктері / Ж.Н. Шөженов. — Қарағанды: Қарағанды экономикалық университеті, 2010. — 383 бет.
- 6 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері / С. Қирабаев. — Алматы: Білім, 1995. — 104 б.
- 7 Бабалар сөзі [Жүзтомдық]. Т. 63: Тарихи жырлар. — Астана: Фолиант, 2010. — 456 б.
- 8 Әлтай А. Шашақты найза. Зерттеу / А. Әлтай. — Астана: «Фолиант», 2002. — 154 б.
- 9 Әлтай А. Әдебиеттегі Ағыбай образы / А.Әлтай // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. — 1993. — №2.
- 10 Есенберлин І. Қаһар / І. Есенберлин. — Алматы: Атамұра, 2003. — 288 б.

Ж.Ж. Жарылғапов, С.У. Такиров

Изучение образа Агыбая батыра в казахском литературоведении

Изображение отдельных героев в казахской литературе — одна из тем, на которую сегодня ученые не обращают особого внимания. В частности, образ Агыбая Конарбайұлы, который при Кенесары хане неустанно боролся с колониализмом, изображался в нескольких жанрах литературы. В устной литературе и прозе, в исторических песнях и сагах, в стихах родился ряд произведений о герое. В статье основное внимание уделено изучению и современному исследованию образа Агыбай батыра в литературоведении. Анализируя материалы и устные данные о герое, хранящиеся в архивах, проведено сравнение его исторического и художественного образа. Рассмотрены научные выводы о специфике личности Агыбая как литературного образа. Параллельно изучен образ Агыбая в прозаических произведениях, фольклоре и исторических песнях. Выявлены идейно-эстетические концепции, переданные через образ батыра в романе «Кахар».

Ключевые слова: Агыбай батыр, образ батыра, литературоведение, казахское литературоведение, литературный образ, историческая поэма, автор, исторический факт, историческая и художественная реальность, научный сборник.

Zh.Zh. Zharylgapov, S.U. Takirov

The study of the image of Agybai Batyr in Kazakh literary studies

The image of individual heroes in Kazakh literature is one of the topics that scientists do not pay much attention today. In particular, the image of Agybai Konyrbayuly, who under Kenesary Khan tirelessly fought against colonialism, was depicted in several genres of literature. In oral literature and prose, in historical songs and sagas, in poems, a number of works about the hero were born. The article focuses on the study and modern study of the image of Agybai Batyr in literary studies. Analyzing the materials and oral data about the hero stored in the archives, comparisons of his historical and artistic image are carried out. The scientific conclusions about the specifics of the personality of Agybai as a literary image are considered. In parallel, the image of Agybai in prose works, folklore and the image of Agybai in historical songs are studied. The ideological and aesthetic concepts conveyed through the image of the batyr in the novel "Kakhar" are revealed.

Keywords: Agybai batyr, batyr's image, literary criticism, Kazakh literary criticism, literary image, historical poem, author, historical fact, historical and artistic reality, scientific collection.

References

- 1 Shozhenov, Zh. (2002). *Aqzholtai Agybai batyr [Akzholtai Agybay batyr]*. Qaragandy: Qaragandy ekonomikalыq universiteti [in Kazakh].
- 2 (2006). *Qazaq khalqynyng tarikhi tulgalary [Historical figures of the Kazakh people]* Almaty: Oner baspasy [in Kazakh].
- 3 Altai, A. (1997). Adebiettegi Agybai obrazy zhane onyng Kenesary, Nauryzbai tulgalarymen tutastygy [The image of Agybai in literature and its integrity with the personalities of Kenesary, Nauryzbai]. *Qazaqstan Respublikasy Gylym ministrliги — Gylym akademiiasynyn Khabarlary. Til, adebiet seriiasy — Ministry of Science of the Republic of Kazakhstan. Proceedings of the Academy of Sciences. Language, literature series, 3, 44-48* [in Kazakh].
- 4 Altai, A. (2004). *Aqzholtai Agybai batyr — fol'klor men adebiettegi qakharmandyq tulga [Akzholtai Agybai batyr is a heroic figure in folklore and literature]*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 5 Shozhenov, Zh.N. (2010). *Aqzholtai Agybai batyrdyng bilikeri [The authorities of Akzholtay Agybay Batyr]*. Qaragandy: Qaragandy ekonomikalыq universiteti [in Kazakh].
- 6 Qirabaev, S. (1995). *Adebietimizding aqtangdaq betteri [Unknown pages of our literature]*. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 7 (2010). *Babalar sozi: Tarikhi zhyrlar [The words ancestor: Historical epics]* (Vols.1-100; Vol. 63). Astana: Foliant [in Kazakh].
- 8 Altai, A. (2002). *Shashaqty naiza. Zertteu [A spear with a fringe. Study]*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 9 Altai, A. (1993) Adebiettegi Agybaj obrazy [The image of Agybai in literature]. *Qazaqstan Respublikasy Gylym akademiiasynyn Khabarlary. Til, adebiet seriiasy — Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Language, literature series, 2* [in Kazakh].
- 10 Esenberlin, I. (2003). *Qahar [Rage]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].